

QIC-та ресурстарды тұтынуды бақылау тұрақты даму саясатының маңызды бөлігі болып табылады, өйткені ол энергияны, суды, қағазды және басқа да ресурстарды тиімді пайдалану деңгейін қадағалауға, сондай-ақ ресурстар тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, электр энергиясын, суды тұтыну және қалдық көлемі көрсеткіштері QIC тікелей бақылауында емес, өйткені кеңсе ғимараттары жалға алынған және бұл көрсеткіштер бойынша деректерді жалға беруші ұсынады. Көрсеткіштер сыртқы факторларға байланысты өзгеруі мүмкін, мысалы, маусымдық өзгерістер, қызметкерлер саны немесе ғимараттың ерекшеліктері.

Сонымен қатар, осы ресурстарды тұтынудың ағымдағы деңгейін сақтау өздігінен азайту деп қарастырылуы мүмкін. Бұл, кеңсе қызметінің табиғи өсуін, қызметкерлер санының өзгеруін немесе маусымдық ауытқуларды ескерсек, бақылаусыз көрсеткіштер өсуі мүмкін болғандықтан маңызды. Көрсеткіштерді базалық деңгейде сақтау QIC ресурстарды тиімді пайдалануын қолдауға және қоршаған ортаға түсетін жүктеменің өсуін болдырмауға тырысатынын білдіреді. Мұндай тәсіл тікелей тұтынуды қысқарту мүмкін болмаған жағдайда да экологиялық әсерді азайтуға нақты күш-жігерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Төменде QIC-та ресурстарды пайдалану бойынша негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) берілген, ағымдағы мәндер мен 2040 жылға дейінгі мақсаттарды көрсетеді:

| Бағыт                            | KPI атауы                          | Базалық мән | 2040 жылға дейінгі KPI         | Өлшеу әдісі                                                                |
|----------------------------------|------------------------------------|-------------|--------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| Энергия және ресурстарды үнемдеу | Электр энергиясын тұтыну (кВт·сағ) | 2025 жыл    | Базалық деңгейді сақтау        | Жыл сайын деректерді бақылау; энергия және су есептегіштер бойынша есептеу |
|                                  | Су тұтыну (м³)                     | 2025 жыл    | Базалық деңгейді сақтау        |                                                                            |
| Қалдықтар                        | Қалдық көлемі                      | 2025 жыл    | Базалық деңгейді сақтау        | Жыл сайын деректерді бақылау                                               |
| Қағаз                            | Қағаз тұтыну (т/жыл)               | 2025 жыл    | Базалыққа карағанда 10% азайту | Жыл сайын деректерді бақылау                                               |



## Лист согласования

| ФИО                     | Должность                                                                         | Решение     | QR                                                                                  |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| Макашев<br>Серик        | Директор департамента Департамент<br>операционной деятельности                    | Согласовано |  |
| Кузенбаева<br>Гульнарай | Главный менеджер Департамент<br>операционной деятельности                         | Согласовано |  |
| Абилгазина<br>Айжан     | Главный менеджер Департамент<br>корпоративного развития и внешних<br>коммуникаций | Подписано   |  |

